



IX Международная
научно-практическая конференция
**«Бизнес и образование:
вектор развития»**

25
лет



Международная
Академия
Бизнеса

Материалы
IX Международной
научно-практической конференции
**«Бизнес и образование:
вектор развития»**

**РОЛЬ ИННОВАЦИЙ
В МЕЖДУНАРОДНОМ
ТРАНСФЕРЕ ЗНАНИЙ**

8 февраля 2013 г.

Ердаuletova Ф. К., МАБ	
Стратегический учет как учетно-аналитическое обеспечение контроллинговых процессов	153
Исмухамбетова З.Н., МАБ	
Методологические основы формирования системы контроллинга на казахстанских предприятиях	156

СЕКЦИЯ 6

Финансово-кредитные системы в экономике, основанной на знаниях

Білімге негізделген экономиканың қаржылық-кредиттік жүйелері

Knowledge-based Financial and Credit Systems in Economics

Арын Ә. А., МАБ	
Микрофинансирование в Казахстане: текущее состояние, проблемы развития и новые возможности	163
Байдәулетова Г.О., АЭСА	
Мемлекеттік қаржылық бақылау қызметін жетілдірудің өзекті мәселелері	171
Бирмагамбетов Т.Б., МАБ	
Проблемы формирования понятийного аппарата для бизнеса Казахстана и его влияние на уровень развития экономических процессов	173
Брайчева Т.В., СПГУЭФ	
Программный бюджет: опыт других стран и проблемы и перспективы внедрения в Российской Федерации	176
Дробышев Н.В., МАБ	
Стимулирование финансирования инновационных и инфраструктурных проектов в Республике Казахстан в условиях кризиса ликвидности в мировой экономике	179
Жаксыбергенов А.К., МАБ	
Инвестиционная стратегия институциональных инвесторов на фондовом рынке Казахстана	182
Косолапов Г.В., МАБ	
Трансформация функций и целей корпораций как фактор развития производственных отношений	185
Куанышева А. Б., МАБ	
Особенности разработки и реализации финансовой стратегии компании	189
Мадыханова К.А., ХБА	
Телем жүйесіне тиесілі тәуекелдер және оларды басқару әдістері	192
Садыкова Р.Б., МАБ	
Совершенствование рынка корпоративных облигаций Казахстана	194
Смағұлов А.М., ХБА	
Қонақ үй имиджін қалыптастырудағы қызметкерлер жұмысының сапасын жоғарылатудың мәні	202

СЕКЦИЯ 7.

Инфраструктура как двигатель инновационного развития

Инфрақұрылым инновациялық дамуды қозғаушы ретінде

Infrastructure as an Engine of Innovation Development

Bergibaev E., Tulembayev A., IAB	
Global trends of transport logistics' development in terms of social modernization	208

СЕКЦИЯ 8.

Языки, этика и межкультурные коммуникации в бизнесе

Бизнестегі тілдер, этика және мәдениетаралық қарым-қатынастар

Languages, Ethics and Cross-cultural Communication in Business

Абдрасилова Г.З., ХБА	
«Қанша аз ойласам, сонша көп тіршілік етемін»	215
Абдрасилова Г.З., ХБА	
Экзистенциализм – рухани қайшылықтар философиясы	218
Әкімбекова Г.Ш., ХБА	
Мәдениетаралық қарым-қатынастардағы әдеби тілдің рөлі	222
Бағиева Ш.М., ХБА	
Қазақ тілін кәсіби бағытта оқытуда мәтіндерді іріктеу жолдары	225
Бадагулова Г.М., МАБ	
Лингвистические основы проекта «Улытау»	229
Бегалиева Л.Б., ХБА	
Адамға қатысты қолданылатын синонимдердің когнитивтік мәні	232

Адамға қатысты қолданылатын синонимдердің когнитивтік мәні

Түркітану ғылымында, жалпы тіл білімінде, қазақ тіл білімінде синонимдер, синонимдік қатарлар, олардың жасалу жолдары, сөйлемдегі қызметі, орны, стильдік қызметтері туралы жазылған еңбектер баршылық. Монографияларда, зерттеулерде синонимдер, олардың жасалуы, қолданылуы ғалымдар еңбегінде көрініс тапқанмен, ол еңбектің де хатқа басылғанына жарты ғасыр уақыт өтіпті. Елу жылда ел жаңа дейтін қазақтың мақалына сәйкес, тіл білімінде де, қазақ тіл білімінде синонимдер жайлы, синонимдік қатарлар жайлы, олардың жасалуы, когнитивтік қырлары жайлы, жалпы семантикасы туралы мәселелер өзіндік өзектілігі бар мәселе деп танылып отыр.

Тіл білімінде сөздердің қолданыстық қызметін анықтаудың маңызы антропологиялық идеяның алдыңғы қатарға шығуымен де байланысты. Антропологиялық әдіс тіл мен сөйлеуді адам болмысымен бірлікте, сабақтас қарастыруды мақсат етеді. Әлем бейнесінің тілдегі көрінісін анықтаудың мақсатты жолы – барлық заттар мен құбылыстардың адам тәжірибесі мен құндылықтары тұрғысынан қарастыруды көздейді. Шындап келгенде, қай заманда болса да, ғылымдағы, өнердегі, өмірдегі, әдебиет пен мәдениеттегі ең басты нәрсе адамды тану болса керек. Осы тұрғыдан алғанда, сөйлеу кезіндегі адамның психологиялық жағдаяты мен оның болмысының тілдегі және сөйлеудегі көрінісін анықтаудың маңызы ерекше.

Тілдік таңбалардың таңбалаушылық қабілеті олардың сыртқы болмыспен тікелей қарым-қатынасы нәтижесіндегі деректер арқылы емес, адам тәжірибесінің сипаты арқылы анықталады. Әрбір жаңа ақпарат алынған кезде, кез келген жеке тұлға немесе тілдік тұлға өз танымы мен дүниетанымы тұрғысынан таниды, соған лайықты баға береді. Қ. Қайырбаева зерттеу жұмысында символ тілдік жүйеде белгілі бір когнитивтік құрылым ретінде тілдік бейнесін танытады деп тұжырымдаса [1, 113 б.], ғалым Қ. Жаманбаева: «Тіл мен таным процестерінің арақатысын көрсету тіл қолданысының когнитивтік жүйесіне сүйенеді. Тіл мен ойлаудың, тіл мен танымның арақатысы адам баласының интеллектуалды өміріндегі басты құндылықтардың біріне жататынын көрсетіп береді», – деп

тілдің танымдық қасиетінің адам өміріндегі басты құндылықтарының біріне жататынын басып айтады [2, 140 б.]. Коммуникативтік-танымдық әрекеттердің таңбалық концепциясы негізінде синонимдес тұлғалардың ерекшелігін сипаттауға толық негіз бар.

Заттар мен құбылыстардың белгілері мен қасиеттерінің жақындығын, мәндестігін, ұқсастығын, сабақтастығын анықтау үшін жұмсалатын синонимдес тұлғалардың қолданыстық қызметін қарастырудың мәні терең.

Семантикалық категорияның тілдік болмысын функционалды грамматика негізінде қарастырғанда, синонимдес немесе мәндес сөздердің қолданыстық коммуникативтік категориясы дәйектеледі. Оның тілдік тұлғаларының толық жүйесін функционалды семантикалық өріс тұрғысынан қарастыруға болады. Синонимдес сөздердің тілдік көрсеткіштері – тілдік бірліктер инварианттық мағына негізінде бір парадигмалық жүйеге тоғыстырылады.

Мысалы:

азаматтық // кісілік
ақсүйектік // шонжарлық // бекзаттық // бекзадалық
ақсақал // қария

Синонимдес сөздердің тіл жүйесіндегі функционалдық сипаты әр түрлі болуы мүмкін. Олардың тілдік қызметінің коммуникативті-прагматикалық қырлары сөйлеу барысында немесе мәтінде категориялық ситуациялар ауқымында ашылады.

Синонимдес сөздердің парадигмасында өзіндік ерекшелік бар: оларды *жалпытілдік деңгей және морфологиялық деңгей* деп шартты түрде екіге бөліп көрсетуге болады.

Жалпытілдік деңгейдегі синонимдес сөздердің парадигмалық қыры олардың жалпы мағыналық-қызметтік ерекшелігі арқылы анықталады. Сөз мағыналарының синонимдес болып келуінің өзі заттар мен құбылыстардың белгілері мен қасиеттерінің танылу деңгейі мен сапалық, мәндік ерекше белгілерімен байланысты.

Синонимдес сөздер бір ғана ұғымды емес, бір-біріне жақын, мәндес әр түрлі ұғымды анықтайды, сөз бен сөздің арасындағы ерекшелік, ең алдымен, ұғымның арасындағы

айырмашылық арқылы жасалатындықтан, жалпытілдік деңгейдегі синонимдес сөздердің парадигмалық қыры ұғымдардың мәні арқылы да көрініс бере алады.

Мысалы, адамның ішкі жан дүниесін сипаттайтын *қуаныш, сүйініш, шаттық* сөздерінің беретін мағынасы бір нәрсеге риза болу сезімі, көңілділік. Украина, сәлем, бауыр-құрдастар, Шаттығыңа қуанышын бір қосқан (Ғ. Қайырбеков). Осы мысал қуаныш пен шаттық сөздерінің синонимдік қатар құрайтынынан хабар беріп тұр. Сонымен бірге шаттық ұғымының мағынасы қуаныш ұғымына қарағанда, кең екендігін көрсетіп отыр. Қазақ елінің өз қуанышына, сүйінішіне соншалықты шаттанып отырғанына украин елі қуаныш білдіріп жатқаны ұғымның арасындағы айырмашылықты, сондай-ақ үдемелі сипаттағы мағынаның беріліп тұрғаны байқалады. Ал, адамға қатысты іс-әрекеттерді сипаттайтын синонимдер. *Мысалы, Ұры, ұрлықшы, ұры-қары, кезеп, ұрлағыш, баукеспе*. Ұрлық істеп, әдеттенген, ұрлықты кәсіп еткен адам. Ұрылар тастай беріп, түнгі олжасын, Жан-жаққа тым-тырақай зытты қашып (І. Есенберлин). Жасында көп тоналған адам үлкейе келе ұрлықшы болады (С. Сұбханбердин). Қоңыр құлжа ұры-қарыдан тоқалының мал-мүлкін қорғау үшін, сойыл сүйреткен елу жігіт берген (І. Есенберлин). Аман-есен жүрсің бе, Тезек төре, елден жылқы қоймаған кезеп төре (Айтыс). Губернияның алыс түпкірлерінде қол құрап, топтар сайлаған өңкей жылқы ұрлағыш, баукеспелердің сирағын қырықты (Б. Аманшин). Сөйлемдердегі ұры, ұрлықшы, ұрлағыш, кезеп сөздерінен ұрлықты кәсіп еткен адамдар жекелік тұлғада берілсе, қосарлану арқылы жасалған ұры-қары тұлғасынан ұрлық істеп әдеттенген адамдарды даралау, топтау мағынасында берілген. Баукеспе фразеологиялық синонимінің алдыңғы ұрлықты кәсіп еткен адамдар мағынасындағы ұры, ұрлықшы, ұрлағыш, кезеп, ұры-қары синонимдеріне қарағанда, тек ұрлыққа әдеттенген адам емес, фразеологиялық тіркеспен жасалған қанды балақ қарақшы ұғымына жақын.

Ал енді адамның адамгершілігін сипаттайтын *азаматтық, кісілік* деген синоним сөздерінің ішінен кісілік сөзінің қолдану аясына толығырақ тоқталатын болсақ:

Кісілік зат. 1. Адамгершілік, азаматтық қасиет, адамшылық борыш. Шын ел қамқоры болған адамгершілік, кісілік тұтқасы Абай болады (М. Әуезов, Әр жыл). Ғалымдығының үстіне кісілігі де бар еді деседі білетіндер. – Мен де солай естідім (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). 2. *Адамдық* ігі қасиет, парыз. – Сайдалының атағы байлық-

пен шыққан, – деді Әлиәкпар. – Ал Аққошқардың аты – кісілікпен шыққан (С. Мұқанов, Есеу жылдары). – Ағалар, бұларың кісілік емес. Ар қайда? Ұят қайда? (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). 3. *Кісімісеген, дандайсып, өзін жоғары қоятын мінез*. Кәдімгідей кісілік пайда болып, Қозыбағар кеудесін кере, аяқты кердең басуды шығарды (С. Алдабарғенов, Қанат). Мен ақын болғасын, ақындығымның арқасында ел басқарып отырғасын, кішкене кісілік білдірдім (Ү.Уайдин, Ендігісін айтпа). 4. *Кісіге тән, қатысты, кісіге, адамға лайық, татитын*. Біз қайта келсек, тәтем төргі бөлмедегі түнде мен жатқан екі кісілік темір кереуетті Танаға дайындап, маған еденге жер төсек салып қойыпты (Ә. Нұршайықов). Әлі мың кісілік халім бар (А. Байтанаев, Қайнар бұлақ).

ҚТТС-та кісілік сөзінің 4 түрлі мағынасы берілген. Алдыңғы үш мағынасынан сөйлем ішіндегі контексінен заттық мағынаның бар екені айқын көрініп тұр. Ал 4 (төртінші) мағынасы Керуует қандай? – Керуует екі кісілік. Халің қанша? – Халім мың кісілік, деген сұрақ-жауап арқылы кісілік сөзінің мағынасының адъективацияланғанын көреміз. Ендеше заттық ұғымдағы кісілік сөздік ұясына сындық мағыналы кісілік сөзі кірместен, өзі жеке сөздік ұяда тұру керектігі анықталды. Себебі ол жаңа мағыналық сипат алған екінші жаңа атау ретінде танылады. Екі сөз табының парадигмалық қатарын толықтырып тұрғандықтан, сындық мағыналы кісілік сөзі адамгершілік, адамдық, немесе антонимдік сипатта дамыған адамгершілігі жоқ, дандайсыған мағынасының аясына, бұл сөздің талаптарына жауап бере алмайды. Адъективацияланған кісілік сөзі адамның қасиеттерге емес, адамның жеке басына, физиологиялық ерекшелігінен туындағандықтан, бұл сөз өзі жеке синонимдік тармақтарға жіктелуі тиіс. Бұл түсініктірек болу үшін, кісілік сөзінің сөзжасамдық, қызметтік қанат жаюының көрінісін төмендегідей беруге болады:

Кісілік

а) адамгершілік, адамдық, азаматтық қасиет;

ә) мұндай жақсы қасиеттерге ие емес, дандайсыған, менменсіген

Кісілік – кісіге тән, қатысты, адамға лайық, татитын синонимдері адамгершілік, адамдық, азаматтық, адамдық, орындық.

Бәрінің беретін Ұғымдық мәні – заттық, сындық. Когнициясы–метафораланған жансыз, қасиеттік сипатқа ие және метафораланған жанды зат есім.

Көріп отырғанымыздай, кісі сөзіне -лік сөз-

жасамдық тұлғасының жалғануы арқылы жаңа атаулардың туындап, ол атаулар бірнеше синонимдік қатар құрау арқылы бір лұғаттық ұяны иемденеді екен. Әр лұғаттық ұя өзінше жаңа атау тудыруға ұмтылады. Бұл – тілдің өз ішіндегі бұлжымас заңдылық. Бірақ сөз қандай жа-

на атау тудыруға мүмкіндігінің бар екенін ішкі тілдік, психологиялық қалыптасқан формада дайын формамен жүзеге асады.

Қорыта айтқанда, синонимдес сөздердің қолданыстық ерекшелігін зерделеу үлкен ғылыми ізденістерді талап ететін күрделі іс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қайырбаева Қ.Т. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні: фил. ғыл. кандидатын алу үшін дайындаған диссертация жұмысы. – Алматы, 2004. – 138 б.
2. Жаманбаева Қ.Ә. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 1998. – 140 б.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: (10 том, жалпы ред. басқ. А. Ысқақов). – Алматы: Ғылым, 1980 – 640 б.